





«ЖЕКЕ КАБИНЕТ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА

Алматы, 2026 жыл



 **БЖЗҚ-ның интернет-ресурсындағы «Жеке кабинетте» электрондық қызметтерді келесі шарттар болған жағдайда пайдалануға болады:**

 Электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) өзекті кілтінің болуы

 БЖЗҚ АЖ-да ұялы телефонның өзекті нөмірінің және (немесе) электрондық пошта мекенжайының болуы



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ-ның интернет-ресурсының жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, Қызметті алушыға қызмет тәулік бойы қолжетімді

БЖЗҚ-НЫҢ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНЫҢ «ЖЕКЕ КАБИНЕТ» БӨЛІМІ КЕЛЕСІ МҮМКІНДІКТЕРДІ БЕРЕДІ:



- Шоттардан үзінді көшірмелер алу;
- Қолданыстағы шоттың (шоттардың) болуы туралы анықтама алу;
- МКЗЖ бойынша анықтама алу;
- жарналардың 50% қайтару туралы растау анықтамасын (әскери қызметшілер) алу



Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру



Қосымша деректемелерге/банктік деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу



Болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеу



Зейнетақы жинақтарының дербес жоспарын жасау



Төлемге/аударымға/банктік деректемелерді өзгертуге өтініштің мәртебесін қадағалау



Келесі зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру:

- мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектік болған кезде **МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен төлем;**
- **ЕЗЖ есебінен:**
 - 50 жасқа толған адамдарға төлем;
 - мүгедектігі бар адамдарға төлем.



Алушының қайтыс болуына (жерлеуге) байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру;
Қате есептелген ЕЗЖ сомаларын ЖЗШ-дан қайтаруға өтініш беру.



Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш беру



ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуға/банктік деректемелерді өзгертуге бұрын берілген өтініштің күшін жою



Қызмет көрсету кезегін брондау



ЕЗЖ аудару (ЕЗЖ аударуға арналған QR)

«БЖЗҚ» АҚ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНДА АВТОРЛАНУ

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге келесі тәсілдермен авторлану мүмкіндігін береді:




ЭЦҚ кілтінің көмегімен



логин (ЖСН) және парольдің көмегімен



eGov mobile көмегімен



ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ KZ

ЖСН *

Құпиясөз *

ЖСН-ды еске сақтау

Жеке кабинетке кіру

eGov mobile арқылы кіру

Тіркелу

[Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?](#)

ЭЦҚ арқылы кіру

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ 1-ШІ ТӘСІЛІ


ЭЦҚ КІЛТІНІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ

Қызметке қол жеткізу үшін Қызметті алушы міндетті түрде авторлануы керек.

ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін Сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі – БҚ) болуы міндетті.

БҚ орнатылмаған жағдайда, NCALayer БҚ орнату файлын жүктеу қажет. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында келесі: <https://pki.gov.kz/ncalayer/> сілтемесі бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (**GOST** файл сертификаты деп аталады), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін ашып, осы файлға жолды көрсету керек.




ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ 2-ШІ ТӘСІЛІ

ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬДІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ



Қызметті алушылар интернет-ресурста өз бетінше тіркеле алады және сайтта әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль ала алады. Тіркелу үшін тиісті шағын бөлім нысанында өз деректемелерін көрсету қажет:


Сайтта тіркелу




* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі көрсетілуі тиіс

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ 2-ШІ ТӘСІЛІ

ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬДІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ



[4] Сәйкестендіруден өту



[5] Кіруге арналған пароль ойлап табу

«ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ» СӘТТІ АВТОРЛАНУ



«Жеке кабинетте» сәтті авторланған жағдайда экранда жеке тұлғаның кабинеті шығады. Ұйғарым бойынша дербес ақпарат және жинақтар туралы өзге де мәліметтер ашылады.

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ 2-ШІ ТӘСІЛІ

ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬДІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ



Пароль өзгерген жағдайда ЖСН, жаңа парольді толтырып, жаңа парольді қайталап, «Мен робот емеспін» құсбелгісін қою керек. Әрі қарай, eGov mobile мобильді қосымшасын ашып, көрсетілген QR кодын сканерлеп, қол қою керек.

Кұпиясөзді ауыстыру

1 Бір реттік парольді алу

ЖСН *

2 Бір реттік парольді алу

Жаңа құпиясөз *

Жаңа құпиясөзді қайталау *

Я не робот

Ары қарай

QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет

Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз

Загрузите в App Store

или скачайте в Google play

1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз

2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз

3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын сол QR-ға беттеңіз

Қол қоюды аяқтау

Өтінішке қол қойылды

OK

* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі көрсетілуі тиіс

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ 3-ШІ ТӘСІЛІ

EGOV MOBILE КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ

еGov mobile арқылы кіру


батырмасын басу

ЖСН

ЖСН

еGov mobile арқылы кіру

ЖСН енгізу



еGov mobile мобильді қосымшасын ашу, көрсетілген QR кодын сканерлеу және қол қою

«ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ» СӘТТІ АВТОРЛАНУ



«Жеке кабинетте» сәтті авторланған жағдайда экранда жеке тұлғаның кабинеті шығады. Ұйғарым бойынша дербес ақпарат және жинақтар туралы өзге де мәліметтер ашылады.

EGOV MOBILE КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ

«ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ» СӘТТІ АВТОРЛАНУ



«Жеке кабинетте» сәтті авторланған жағдайда экранда жеке тұлғаның кабинеті шығады. Ұйғарым бойынша дербес ақпарат және жинақтар туралы өзге де мәліметтер ашылады.

Құрметті салымшылар!

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Сізді қырағы болуға шақырып, дербес деректеріңізді мұқият қорғау қажеттілігі туралы ескертеді. Интернет-алаяқтық жағдайлары жиілеп кетті. Ондай кезде қаскүнемдер өздерін мемлекеттік органдардың немесе қаржы ұйымдарының қызметкері ретінде таныстырып, азаматтардың жеке мәліметтеріне қол жеткізуге тырысады.

Назар аударыңыз:

- "БЖЗҚ" АҚ қызметкерлері телефон арқылы қоңырау шалмайды;
- ЖСН, жеке куәлік нөмірі;
- банктік карталар немесе шоттар туралы мәліметтер;
- SMS растау кодтары;
- қолданбалар мен басқа қызметтердің құпия сөздері туралы мәліметтерді беруіңізді өтінбейді.
- "БЖЗҚ" АҚ **телефон арқылы** ықтимал күдікті әрекеттер немесе "қаражатты бұғаттау" туралы **хабардар етпейді**.
- Кез келген ресми ақпарат **салымшының жеке кабинеті**, Қордың ресми сайты арқылы немесе салымшы "БЖЗҚ" АҚ филиалына жеке өтініш жасаған кезде беріледі.

Өзіңізді қалай қорғауға болады:

- Өздерін "БЖЗҚ" АҚ немесе мемлекеттік құрылымдардың қызметкері ретінде таныстырса да, құпия деректеріңізді бөгде адамдарға бермеңіз.
- Түскен ақпараттың дұрыстығын **ресми дереккөздер** (www.enpf.kz сайты, 1418 байланыс орталығы) арқылы тексеріңіз.
- Күмәнді қоңыраулар жасалып, хабарламалар алған жағдайда — **қарым-қатынасты дереу тоқтатып**, алаяқтық әрекет туралы құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.

Зейнетақы жинақтарыңыз бен жеке мәліметтеріңізге сақ болыңыз! Оларды сауатты қорғай біліңіз!

ОК

Абайлаңыз алаяқтар!

Құрметті «БЖЗҚ» АҚ салымшылары! Соңғы уақытта Қор салымшыларына қатысты алаяқтық әрекеттер жағдайлары орын алуда. Алдаудың жаңа тәсілдерін ойлап табылуда. Сіздерге мұқият өрі барынша абай болуға кеңес береміз

Естеріңізде болсын:

- «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлері ешқашан телефон қоңыраулары, электрондық хаттар немесе мессенджерлердегі хабарламалар арқылы жеке деректеріңізді, пароліңізді немесе қаржылық ақпаратты сұратпайды;
- Хабарламалар келіп түсетін электрондық пошта мекенжайларды және телефон нөмірлерді тексеріп отырыңыз. Алаяқтар ұқсас мекенжайларды пайдалануға тырысады;
- Күдік тудыратын хабарламалардағы сілтемелерге кірмеңіз, сілтемелерді баспауға тырысыңыз;
- Күдік тудыратын белгісіз нөмірден қоңырау шалынса, өзіңіздің жеке деректеріңізді айтпаңыз, әңгімені тоқтатыңыз;
- Егер сізге ұтыс, қаражаттың қайтарылатыны немесе басқа да тиімді ұсыныстар жайында хабарлама келіп түссе, тексерілмеген ақпаратқа сенбеңіз. Олардың шынайылығын міндетті түрде ресми арналар арқылы тексеріңіз;
- Бір реттік кодтарды, парольдерді немесе СМС арқылы алған өзге де ақпаратты мүлдем айтпаңыз

Сіз барлық сұрақтың жауабын БЖЗҚ бөлімшелерінде, сондай-ақ қашықтан enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалып, көп арналы тегін байланыс арқылы, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «Twitter» және «Instagram» сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілерде тіркелген БЖЗҚ ресми парақшаларынан алып, ақпаратты тексере аласыз.

Танысып шықтым



Рақмет!

